



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№11 (1969) 31 НАУРЫЗ 2025 ЖЫЛ

Ректор Өзбекстан елшісімен кездесті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Өзбекстанның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Бахтиёр Ибрагимовпен жүздесті.



ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев Бахтиёр Ибрагимовты елші лауазымына тағайындалуымен құттықтап, алдағы жұмысына табыс тіледі. «Қазақ-өзбек арақатынасы жоғары деңгейде. Барлық сала бойынша екі ел арасындағы серіктестік байланыс қарқынды дамып келеді. Алдағы уақытта жоғары білім мен ғылым бағытын жаңа деңгейге көтеру қажет. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Өзбекстанның 10 жоғары оқу орнымен ынтымақтастықта. Сонымен қатар академиялық ұтқырлық бағ-

дарламасы аясында оқытушылар мен студенттер алмасу жұмысы жөнге қойылған. Өзбекстан университеттерімен серіктестік орнатуға әрдайым дайынбыз», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Бахтиёр Ибрагимов ілтипат білдіргені үшін ЖОО ректорына ризашылығын білдіріп, қос мемлекет университеттері арасындағы байланысты жандандыруға бар күш-жігерін салатынын жеткізді.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ

Рухани-адамгершілік құндылықтар – БОЛАШАҚҚА ИНВЕСТИЦИЯ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Адал азамат» тәрбие бағдарламасы тұжырымдамасын іске асыру аясында «Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде білім беру мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық тәсілдері» атты халықаралық конференция өтті.

Халықаралық конференцияны Алматы қаласының білім басқармасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті, Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты және «Руханият арқылы бейбітшілік» қоғамдық бірлестігі бірлесіп ұйымдастырды.

Ғылыми жиынға психологтар, әлеуметтік педагогтер, еліміздің және АҚШ, Ресей, Әзірбайжан елдерінен келген ғалымдар қатысты.

Конференцияның ашылуында сөз алған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы –

Ректор Жансейіт Түймебаев: «Білім беру мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық тәсілдерін тиімді қолдану арқылы біз ізгі, жауапты, саналы азаматтарды қалыптастырамыз. Осы тұрғыда рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде білім беру – қоғамның болашағына салынған инвестиция», – дей келе, рухани-адамгершілік тәрбиенің маңыздылығына тоқталды.



Түркі тілдерін дамытуға мән берілді



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Ш.Уәлихановтың 190 жылдығына және Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толуына арналған «Дәуір және тұлға: жыраулар мен қазақстандық зерттеушілердің шығармашылық түрлерін тілдік таныстыру» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел отырысы өтті.

Іс-шара «Қоғамның рухани жаңғыруы жағдайындағы Қазақстанның түркі тілдері: графикадан – эпикалық мәтінге дейін» ғылыми жобасының шеңберінде ҚР ҒЖБМ 2024-2026 жылдарға арналған Ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бағдарламасы бойынша өткізілді. Шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың

Түркітану және алтайтану ҒЗИ және Фараби кітапханасы бірлесіп ұйымдастырды.

Дөңгелек үстелге қатысушылар түркі тілдеріне, мәдениетке, тілдік байланыстарға және аталған бағытта жұмыс істейтін ғалымдардың зерттеулеріне қатысты маңызды мәселелерді талқылады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

2-4 беттер

ҚазҰУ-да бір жыл ішінде 30-ға жуық ғылыми зертхана ашылды



6-бет

Ғалым, педагог, тәлімгер



8-бет

Қос университет арасындағы ынтымақтастық



ҚазҰУ-да бір жыл ішінде 30-ға

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Қазіргі заманда экономика инновацияға негізделуі керек екені сөзсіз. Біз ғылымды дамыту, соның ішінде қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін көп жұмыс істеп жатырмыз. Ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыруға, ғылым мен өндірістің байланысын күшейтуге баса мән беріліп отыр», – деп атап өтті. Сондай-ақ «Қазақстанда әлі күнге дейін бірде-бір ғылым қалашығы жоқ» екенін айта келе, «Үкімет осы бастаманы жан-жақты зерделеп, тиісті заң дайындауы керек» деп нақты тапсырма берді.

Ғылымды қажет ететін аумақтарды құру – бүгінгі заман талабы. Мамандандырылған ғылыми-технологиялық аймақтар ғылыми ұйымдарды, кәсіпорындарды және инновациялық стартаптарды біріктіреді. АҚШ-тың Стэнфорд университетінің негізінде құрылған «Силикон алқабы», Кембридж ғылыми паркі (Ұлыбритания), Гуанчжоу ғылыми қалашығы (Қытай) ұлттық инновациялық жүйелерді дамытуда өз тиімділігін көрсетті. Сондықтан әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының шекарасына қосылуды мақсат етіп отыр. Бұл біздің университетке Алматы қаласының инновациялық экожүйесіне интеграциялануға және ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға, бастысы – ғылыми қалашыққа айналуға зор мүмкіндік береді. Студенттер үшін білім мен тәжірибені ғылыммен қатар алып жүруге жол ашылады. Кәсіби білік пен іскерлік дағдылар қалыптасқан мамандар өндіріс орындарының жоғары сұранысына ие болады. Бастысы – ғылыми-технологиялық аймақтарға бірігуге QS халықаралық рейтингінде 163-орынды иеленген ҚазҰУ-дың жаңарған техникалық базасы мен зерттеу әлеуеті жеткілікті. Бұған университет базасындағы жаңадан ашылған Суперкомпьютер кластері, Робототехника және мехатроника бойынша компетенция орталығы, «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығы, «Қашықтықтан зондтау технологиясы және қолдану» зертханасы, «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығы, Орталық Азиядағы тұрақты даму орталығы, «Farabi chem science» кластері, «Chemical Coatings Innovations» химиялық ғылыми-өндірістік орталығы жарқын мысал бола алады.

СУПЕРКОМПЬЮТЕР КЛАСТЕРІ

2019 жылы 11 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары аясында Қазақстанға суперкомпьютер әкелу туралы үкіметаралық келісім жасалды. 2024 жылы 3 шілдеде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанға сапары кезінде Мемлекет бас-

шысы шағын құрамда келіс-сөздер жүргізіп, бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды. Сол кездесудің нәтижесінде «Qingdao Aucma Import & Export Co» компаниясы ҚазҰУ-ға суперкомпьютер жеткізетін болып шешілді. Көп ұзамай Орталық Азиядағы қуаты ең жоғары суперкомпьютер оқу орнында орна-тылды.

Суперкомпьютер кластері Қазақстанның жаһандық аренадағы бәсеке қабілеттігін арттырып қана қоймай, отандық инфрақұрылымды дамытуға септігін тигізеді. IT және жасанды интеллект саласында білікті кадрларды даярлауға мол мүмкіндік береді. Мамандардың есептеу техникасы саласында қолын ұзартады. Ғылыми зерттеулердің тиімділігі мен дәлдігін арттырып қана қоймай, ғылыми зерттеулерге кететін уақытты әлдеқайда қысқартады.

Суперкомпьютердің құрамында генетикалық деректерді кешенді өңдеуге арналған қолданбалы бағдарлама бар. Мұнда реттілік деректерді алдын ала өңдеуден бастап, геномдық тізбекті талдауға дейінгі жұмыстар атқарылады. Бұл бағдарлама генетикалық деректермен жұмыс істейтін ғалымдар үшін өте қажет. Яғни геномдық зерттеу процесін жеңілдетеді және жеделдетеді.

Суперкомпьютердің өнімділігі – 2000 терафлопс. Әлемдегі үздік 600 суперкомпьютердің бірі. Архитектурасы Intel және NVIDIA компанияларының процессорларынан құралған, қуаты ең заманауи дербес компьютерден 10 000 есе артық. Қазіргі қолданыстағы компьютерлердің ондаған жылдар бойы орындайтын есептерін бір сағатта шешуге қабілетті.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асып жатқан қазақ тіліне арналған үлкен тілдік моделін (LLM) әзірлеуде де суперкомпьютердің қуаты мен мүмкіншілігі кеңінен пайдаланылуда.

Сонымен бірге Алматы қаласының «Smart City» жобасының бейнемониторинг жүйесі мен ситуациялық орталығының деректерін жинауға қолайлы. Еліміздің зерттеушілері ҚазҰУ суперкомпьютерінің есептеу қуатын климаттық модельдеу, машиналық оқытудың озық алгоритмдерін әзірлеу, Big Data және жасанды интеллект салаларында да пайдалана алады.



Суперкомпьютерді қолдануға еліміздің бірқатар министрліктері қызығушылық танытты. Барлық жоғары оқу орнын осы машинаның есептеу әлеуетін бірлесе пайдалануға шақырамыз.

РОБОТОТЕХНИКА ЖӘНЕ МЕХАТРОНИКА БОЙЫНША КОМПЕТЕНЦИЯ ОРТАЛЫҒЫ

Қазақстан Президенті 2019 жылы «Алтын сапа» сыйлығын тапсыру салтанатында: «4.0 индустриясы отандық өнеркәсіпті жаңғыртудың өзекті әрі маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағытта кәсіпорындарды цифрландыру бойынша пилоттық жобалар жүзеге асырылуда. Нәтижесінде технологиялық дамудың қазіргі деңгейінен «ақылды өндіріс» деңгейіне көшу қамтамасыз етілуі тиіс, яғни өндіріс толық автоматтандырылуы және роботтандырылуы қажет», – деп атап өткен еді. Осы тапсырмаға сәйкес, 2024 жылы ҚазҰУ-да Робототехника және мехатроника бойынша компетенция орталығы құрылды. Германияның алдыңғы қатарлы KUKA компаниясының роботтарын алу бойынша келісімдер жүргізіліп, былтыр оқу орнына арнайы жеткізілді. Орталық «Өнеркәсіп-5.0» жүйесінде жұмыс істейтін кәсіби кадрларды даярлап, өндірісті автоматтандыру, цифрландыру бағытында қызмет көрсетуді көздейді. Сондай-ақ стартаптарға технологиялық операцияларды роботтандыру тұжырымдамаларын зерделеу, көрсету және сынау үшін бірегей алаң ұсынады. Бүгінгі таңда «Astana Motors Manufacturing Kazakhstan» және «Hyundai Trans Kazakhstan» сияқты өнеркәсіптік компаниялармен келісім жасалған. Уағдаластық бойынша өндіріс орындарының қызметкерлері орталықта біліктілігін арттырып, тәжірибе жинақтайды.

FARABI HUB

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2023

жылы 7 қарашада жеке қабылдап, білім сапасын жақсарту, еліміздің дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыру және университет қалашығын жаңғырту жөнінде нақты тапсырмалар берген болатын. Осыған сәйкес, «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойы аясында бой көтерді.

Хабытың мақсаты – озық білімге, технологиялар мен ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, ғылыми әзірлемелер мен технологиялық идеяларды нақты экономикаға енгізуді жеделдету. «Farabi Hub» университеттермен және ғылыми институттармен, сондай-ақ инвестор компаниялармен әріптестік байланыс орнатады. Бірлескен зерттеулер жүргізіліп, жаңа технологиялар әзірленеді.

Соңғы үлгідегі құрылғылармен жабдықталған ғылыми зертханалар ғылым мен технологияның әртүрлі салаларында зерттеулер жүргізіп, тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Креативті индустрия, жасанды интеллект, стартап жобаларды жүзеге асырады. Мұнда ZTE, BASF, Binlin технологиялық корпорациясы, Францияның жетекші мемлекеттік ғылыми мекемесі – CNRS және басқа шетелдік компаниялардың орталықтары, университет базасындағы ғылыми-зерттеу институттары орналасқан. Бұған қосымша коворкинг алаң, конференц-зал, фуршет залы, кофехана жұмыс істейді.

«Farabi Hub» орталығының жалпы ауданы 5000 шаршы метрді құрайды.

«ҚАШЫҚТЫҚТАН ЗОНДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ» ЗЕРТХАНАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев университет ғылымын және инфрақұрылымын дамыту қажеттігін үнемі назарда ұстап келеді. Тапсырмаға сәйкес, «Қашықтықтан зондтау технологиясы және

қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасы 2024 жылдың наурыз айында ашылды. Қытай Ғылым академиясының Экология және география институтымен бірлесіп құрылған орталықта қашықтықтан зондтау арқылы спутниктік және геокеңістіктік талдаудың озық әдістері пайдаланылады. Яғни мұндағы ғалымдар Орталық Азиядағы климаттың, экологияның өзгеруі, құрғақшылық, жердің деградациясы, су ресурстарының тапшылығы және Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі сынды құбылыстарға сараптама жүргізеді.

Зертхананың негізгі мақсаты – қоршаған ортаның жай-күйін бағалау және болжамдық модельдерді дайындайтын ғылыми платформа қалыптастыру.

Дәстүрлі зерттеу орталықтарынан айырмашылығы – спутниктік кескіндерді, жердегі өлшемдерді және ұшқышсыз ұшу аппараттарынан алынған деректерді біріктіре отырып, өңдеудің мультиплатформалық технологияларын қолданады. Бұл табиғи процестердің алдын алуға және аймақтың экологиялық жағдайына әсер ететін негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Өйткені қазіргі таңда еліміз кешенді және жүйелі көзқарасты талап ететін күрделі экологиялық және экономикалық қиындықтармен бетпебет келіп отыр. Экономиканың барлық секторларына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – жаһандық климаттың өзгеруі. 2050 жылға қарай маусымдық кезеңнің басталуы кем дегенде 10 күнге ауысады деп күтілуде. Сондай-ақ құрғақшылық пен аяздың жиілігі артады. Бұл аграрлық сектор мен жалпы экономика үшін қосымша қиындықтар тудырады. Климаттың өзгеруі жағдайында суды үнемді жұмсау маңызды бола түседі. Атмосфералық ауаның сапасын жақсарту, топырақтың ластануын, өсіресе мұнай өнеркәсібі дамыған аймақтарда жердің құнарлылығын қалпына келтіру шұғыл



ЖУЫҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТХАНА АШЫЛДЫ

шаралар қабылдауды қажет етеді.

Осы ретте қашықтықтан зондтау технологияларын қолдану ауыл шаруашылығы алқаптары мен ландшафттардың жай-күйінің өзгеруін дәлірек бақылай алады. ҚазҰУ ғалымдары табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың инновациялық шешімін қарастырып, «Құрғақ климатты аймақтардағы ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы» ұсынысын әзірлеп отыр. Жоба бойынша тамшылатып суару әдісі қолданылып, өсімдіктерді күндіз ыстықтан, түнде суықтан қорғайтын Groasis Waterboxx құрылғысы орнатылған «ақылды» жылыжайлар салу көзделді. Онда топырақтың, ылғалдың және температураның мөлшері автоматты түрде басқарылып, ылғал ұстап тұратын қоспалар пайдаланылады.

Бүгінгі таңда физика-техникалық, химия және химиялық технология, биология және биотехнология факультеттерінің ғалымдары судың шығынын реттейтін және оңтайлы микроклиматты сақтайтын мониторинг жүйелерін әзірледі. Университеттің жасыл технологиялар саласындағы әзірлемелері жылыжайлар мен ауылшаруашылық нысандарын тұрақты энергиямен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ҚазҰУ ғалымдары «Plant Factory» (өсімдіктер фабрикасы) қағидаты бойынша энергия үнемдейтін жылыжайды сәтті сынақтан өткізді. Көкөніс, жидек және басқа дақылдарды топырақсыз, жасанды ортада – коректік заттардың судағы ерітіндісінде өсіру әдісін енгізді.

Осы зерттеулер мен ізденістер нәтижесінде «Құрғақ климатты аймақтардағы ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы» жобасы дайындалды. Артықшылығы – суды тұтынуды 30 пайызға дейін азайтып, өнімділікті 15-20 пайызға арттыруға және ғылыми-техникалық базаны жетілдіруге ықпал етеді. Алайда бастаманы одан әрі дамыту үшін мемлекеттік деңгейде қолдау қажет. Салалық министрліктердің, әкімдіктердің, ғылыми орталықтар мен жеке бизнестің ресурстарын жедел біріктіруді қажетсінеді. Сонымен қатар пилоттық жобаны енгізуге арналған нақты аумақтарды анықтап, қажетті қаржыландыруды қамтамасыз ету керек. Ғалымдар, инженерлер, агрономдар мен экономистерден құралған пән-аралық жұмыс тобы құрылуы тиіс.

Мұндай кешенді тәсіл ауыл шаруашылығын қысқа мерзім ішінде жаңа деңгейге көтереді. Ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін нығайтады. Қазақстанды ғылым мен инновацияны тұрақты болашақ үшін қолданатын мемлекет ретінде халықаралық аренада танытады. ҚазҰУ пилоттық алаңдарды іске қосу мен оларды еліміздің құрғақ климатты өңірлерінде кеңейтуге қатысты егжей-тегжейлі

іс-қимыл жоспарын ұсынуға дайын.

«ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ» ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

«Қашықтықтан зондтау технологиясы және қолдану» зертханасында алынған спутниктік деректерді ары қарай зерттеу Тұрақты даму және қоршаған ортаны басқару ғылыми-зерттеу орталығының базасында жүргізіледі. Бұл талдаулар Қазақстанның экологиялық және экономикалық міндеттерін шешуге бағытталған. Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарына сәйкес келеді, онда су тапшылығы қаупін барынша азайту, ауаның сапасын жақсарту, биоәртүрлілікті сақтау және басқа мақсаттар қойылған.

«Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығы құрамына Тұрақты даму мақсаттарын іске асыратын 10 инновациялық зертхана кіреді. Ғылыми орталық климат және модельдеу, цифрлық картография және қолданбалы геодезия, Global-Sky (атмосфералық зерттеу-

негіздерін әзірлеу, тұрақты дамудың аймақтық ерекшеліктері, геоақпараттық технологиялар және картаға түсіру сияқты бағыттар бар.

Орталық ғалымдары биыл Батыс Қазақстан өңірінің климаттық өзгерісі туралы 60-тан астам карта әзірлеп шығарды. Соның ішінде Қазақстанның батыс аймағындағы ландшафттардың бұзылу картасы дайындалды. Аталған карта елімізде тұңғыш рет қолға алынып отыр. 323 көлге және су ресурстарына кешенді талдау жасалды. Сол арқылы маңызды аймақтардағы су деңгейі анықталды. Сондай-ақ Каспий теңізі деңгейінің динамикасына және топырақ сапасына мониторинг жүргізіліп, жерасты суларын бағалаудың әдістемелік негіздері әзірленді.

ҚазҰУ ғалымдарының сараптамасы бойынша, 30 жылға дейінгі мерзімге әр аймақтың климаттың өзгеруінің болжамын әзірлеу аса қажет. Себебі жалпы республикалық болжам болғанымен, аймақтық және әр облыстағы су бассейнінің жергілікті ерекшеліктерін, ресурстарын және экономикалық қызметтің басым бағыттарын

Фараби атындағы ҚазҰУ мен Қытайдың Гонконг политехникалық университеті бірлескен хаб ашуға келісті. Көп ұзамай өткен жылдың қараша айында жаңа орталық қызметіне кірісті. Атаулы жыл туристер легінің артуы мен шетелдік инвестициялардың келуіне мүмкіндік ашары сөзсіз. Бұл заманауи цифрлық шешімдерге, білікті мамандарға сұранысты күшейтеді. Туристік өңірдің әлеуметтік-экономикалық мүмкіншілігі мен ары қарай дамуын терең зерттеу қажеттілігі туындайды. Осы мақсатта құрылған орталық туризм саласын цифрландыру және тұрақты дамыту жолдарын қарастыруда. Туристер легін жоспарлау мен басқарудың озық тәсілдерін меңгеру, қонақ күту индустриясында жасанды интеллектіні (AI) қолдану тәжірибелерін арттырды. Қазіргі сәтте туризм секторын цифрлық трансформациялау бойынша ұсыныстар қамтылған алғашқы сараптамалық материалдарды дайындап үлгерді. Тиісті мемлекеттік органдарға жолдауға дайын.

Орталық бірнеше негізгі бағытқа назар аударып отыр. Біріншіден, туризм саласындағы зерттеулер мен білім беру жобалары, оған туристер легін басқару, білікті кадрларды даярлау, цифрлық сервистерді енгізу және аумақтарды жоспарлау механизмдері жатады. Соның ішінде Big Data мен геоақпараттық технологияларды пайдалану да кіреді. Екіншіден, әлеуметтік саясат пен әлеуметтік жұмыс мәселелері. Туризмнің қарқынды өсуінің жергілікті тұрғындардың тұрмысына әсері зерделеніп, инфрақұрылымды бейімдеу, жұмыспен қамтуды басқару және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға арналған шаралар ұсынылады. Үшіншіден, туристік индустрия дамуының экономикалық қырларымен қатар, мәдени, әлеуметтік және экологиялық салдары да талданады.

Алдағы уақытта орталық төрт ірі ғылыми-зерттеу жобасын іске қосуды жоспарлап отыр. Олардың екеуі туризм мен қонақжайлылық саласына, ал қалған екеуі әлеуметтік саясат мәселелеріне арналмақ. Сонымен қатар туризм мен әлеуметтік салаға жаңа мамандар даярлауға бағытталған ауқымды білім беру бағдарламасы әзірленуде. Сала басқаруына тартылған мемлекеттік қызметшілер үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізу жоспарлануда.

Туризмді цифрлық трансформациялау әлеуетін арттыруға қосымша ресурс ретінде «Қазақстан туризмін басқарудың ұлттық цифрлық экожүйесі» атты қосымша бастама қызмет етпек. Бұл бастаманың мәні – туристер легін нақты уақыт режимінде басқаруға, саяхатшылардың талғамын талдауға және инфрақұрылым дамуын үйлестіруге мүмкіндік беретін бірыңғай цифрлық

платформа құру. Осы платформаның негізінде кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар сұранысты болжау, маркетинг жүргізу және инвестиция тарту құралдарына қол жеткізе алады. Жобада жасанды интеллект пен геоақпараттық технологияларды қолдану жоспарланған. Бұл туристік нысандарды орналастыру мен дамытуға байланысты шешімдердің тиімділігін арттырып, ең жиі баратын орындарға түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Гонконг политехникалық университеті орталықтың қызметіне 126 миллион теңге инвестиция бөлді. Қазірдің өзінде ғылыми және білім беру бағдарламаларын іске қосуға қажетті берік ғылыми-қаржылық негіз бар екенін айтуға болады.

Азиядағы Тұрақты даму орталығы алдағы уақытта туризмді дамытудың заманауи стратегияларын әзірлеуге арналған интеллектуалдық платформа ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік саясат саласында мемлекеттің сенімді әріптесіне айнала алады. Қонақ күту мен аумақты басқару салаларындағы білімді, цифрлық шешімдер мен әлеуметтік зерттеулерді ұштастыра отырып, туристік белсенділіктің артуына байланысты туындайтын сын-тегеуріндерге кешенді түрде жауап беруге мүмкіндік береді. Орталықты дамыту бастамасына мемлекет қолдау білдіреді деп үміт артамыз.

«FARABI CHEM SCIENCE» КЛАСТЕРІ

Құрамына тоғыз ғылыми зертхана кіретін «Farabi Chem Science» кластерінің мақсаты – экология, энергия көздері, дәрілік химия, мұнай химиясы және энергияны көп қажет ететін материалтану салаларында зерттеулер жүргізу және жаңа шешімдер әзірлеу.

«Farabi Chem Science» кластері жаңа зертханалармен жабдықталып, Физика-химиялық зерттеулер мен талдау әдістері орталығы және Жаңа химиялық технологиялар мен материалдар ғылыми-зерттеу институтының базасында жасалған зертханалармен де толықтырылды. Мәселен, Аналитикалық химия және қоршаған орта зертханасы, Электрохимиялық өндіріс технологиялары зертханасы, Мұнай химиясы зертханасы, Химиялық-медициналық зертхана, Ұсақ органикалық синтез зертханасы, Энергияны көп қажет ететін наноматериалдар зертханасы, Озық материалдар зертханасы және Chemical Coatings Innovations ғылыми-өндірістік орталығы. Сондай-ақ AlemTrade демеушілігімен ұйымдастырылған Материалдарды жоғары дәлдіктегі диагностикалау зертханасын да атап өткен жөн.

(Жалғасы 4-бетте)



лердің инновациялық зертханасы), тұрақты туризм, су ресурстарының сапасын талдау бағытында жұмыс істейді. Сонымен қатар ландшафттардың деградациясын геоақпараттық талдау, геодемографиялық және әлеуметтік-экономикалық зерттеулер, экологиялық қауіпсіздік, топырақ экологиясы, қоршаған ортаны бақылау шараларын іске асырады.

Орталықтың негізгі мақсаты – қоршаған ортаның жаһандық өзгеруі жағдайында табиғат пен қоғамның өзара іс-қимыл заңдылықтарын анықтау, Қазақстан өңірлерін тұрақты дамыту мақсатында табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша жасыл технологияларды әзірлеу және енгізу.

Негізгі зерттеулердің ішінде: геожүйелердің, топырақтың, рельефтің және ландшафттардың табиғи және антропогендік динамикасы, табиғатты қорғаудың ғылыми

ескеретін егжей-тегжейлі іс-қимыл картасы жоқ. Бұл карта Батыс Қазақстан облысы мен Жайық өзені бассейніне алғаш рет жасалды.

ҚазҰУ-дың «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығының филиалы өткен жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ашылды. Университет тек тұрақты даму саласында зерттеулер жүргізіп қана қоймай, өз тәжірибесін өңірлік жоғары оқу орындарымен бөлісуде. Орталық зертханалары жүргізіп жатқан зерттеулермен <https://ecokazwest.kz/labs> сайтынан танысуға болады.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ

2024 жылы 3 шілдеде екі мемлекет басшылары «2025 жылы Қазақстанда Қытай туризмі жылын өткізу» туралы шешім қабылдады. Осы мақсатта жұмыс істеу үшін Әл-

ҚазҰУ-да бір жыл ішінде 30-ға жуық ғылыми зертхана ашылды

(Соңы. Басы 2-3 беттерде)

Ғылыми зертханалар қоршаған ортаны ластаушы заттарды анықтауға және талдауға, химиялық қуат көздері үшін жаңа материалдарды әзірлеуге, мұнай химиясы саласында терең зерттеулер жүргізуге, отандық биомедициналық препараттар мен бактерияға қарсы қорғаныс жабындарын өндірудің оңтайлы әдістерін дайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар металл және ағаш конструкциялары үшін отқа төзімді жабындарды жасау, ерекше қасиеттері бар бейорганикалық материалдардың жаңа түрлерін зерттеу, заттар мен материалдарды сандық және сапалық талдау бойынша қызметтерді орындауға бағытталған.

Мұнда ғалымдардың еркін жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасалып, зертханалар соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен жабдықталған. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобалары және демеушілік субсидияларды іске асыру шеңберінде сатып алынған жаңа техниканың құны 1 млрд теңгені құрайды.

Бұл зертханалар оптика және электроника сияқты алдыңғы қатарлы салаларда сұранысқа ие литий трибораты (LBO) негізіндегі қымбат жасанды кристалдарды өсіру технологияларын әзірледі. Натрий-иондық және магний-иондық аккумуляторлар үшін жаңа материалдар әзірленді, дәстүрлі литий-иондық батареяларды алмастыра алады. Немістің Lanxess фирмасымен, ресейлік «Сибур» және польшалық Synthos фирмаларымен бірлесіп нитрил бутадиең каучугін гидрлеу үшін жаңа катализаторлар жасалды.

Жақында ғана ашылған университеттің гальваникалық цехында халықаралық стандарттар бойынша шығарылатын әртүрлі мақсаттағы коррозияға қарсы, сәндік, тозуға төзімді, ыстыққа төзімді және басқа жабындар жасау үшін электрохимиялық технологиялар кешені әзірленді. Сондай-ақ табиғи тастан беріктігі жағынан жоғары және құрылыс пен өнеркәсіпте кеңінен қолданылатын полимерлі композиттерді алудың технологияларын сәтті әзірлеп, өнеркәсіпке енгізді. Ал медицина саласында профессорлық-оқытушылық құрам Қазақстаннан алынған синтетикалық және өсімдік шикізаты негізіндегі оншақты дәрі-дәрмектің, соның ішінде жаралар мен күйіктерді тиімді емдеуге арналған полимерлі гидрогельдер негізіндегі инновациялық маскәлар мен таңғыштарды жасағанын мақтан тұтады. Хирургиялық тігістер мен импланттар үшін бактерияға қарсы жабындарды жасаудың маңызы зор. Шетелдік аналогтардан анағұрлым тиімді, сонымен қатар үш есе арзан. Жаппай қолдануға қолжетімді және елдегі медициналық қызметтердің сапасын жақсартады. Бұдан бөлек,



ғылыми орталықта білім алушы жастар біліктілігін жетілдіріп, стартап жобаларын іске асырып, мол тәжірибе жинақтайды.

«CHEMICAL COATINGS INNOVATIONS» ХИМИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК ОРТАЛЫҒЫ

«Ғылым қоры» АҚ қолдауымен ҚазҰУ базасында құрылған «Chemical Coatings Innovations» ғылыми-өндірістік орталығы – гальваникалық және қолданбалы электрохимия саласында Қазақстандағы көшбасшылардың бірі. Орталықтың электропластический шеберханасы бар. Оның ішіне сапаны бақылау және технологиялық әзірлеу зертханасы, сондай-ақ кәдесыйлар шығару және қайта қалпына келтіру шығармашылық шеберханасы кіреді. Ғылыми-өндірістік орталық композициялық және дәстүрлі металл жабындарын қолданудан металлдарды өңдеудің жаңа технологияларын әзірлеуге дейінгі қызметтердің кең спектрін ұсынады. Коррозияға төзімді өздігінен емдейтін жабындарды жасау сияқты жаңашыл шешімдерге ерекше назар аударылады.

Гальваникалық қаптама-ларды алу – егжей-тегжейлі зерттелген ғылыми процесс. Дегенмен бұл бағыттағы жұмыстар үнемі жүргізілуде, өйткені ғылыми-техникалық прогресс материалтануда жаңа шешімдерді қажет етеді. Айта кетерлігі, Қазақстанда гальваникалық цехтар аз және тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін гальваникалық технологияларды әзірлеумен айналысатын ұйымдар іс жүзінде жоқ. Бұл көптеген өндіріс түрлерінің дамуын тежейді. Олқылықтың орнын толтыру үшін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінде «Химиялық жабындар инновациялары» ғылыми-өндірістік орталығы құрылды. Алғашқы ірі тапсырысты ҚТЖ мен француздық Alstom теміржол алпауытының еншілес кәсіпорны KazElectroPrivod берді. «KazElectroPrivod» БК» ЖШС халықаралық стандарттарға және Alstom талаптарына сәйкес, қорғаныш жабындарын қолдану технологиялары мен қызметтерін алу үшін электрохимиялық техно-

логиялардың тұтас кешені бар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарына жүгінді.

Қазір ғылыми өндірістік орталық басқа тұтынушылардың тапсырыстарын орындауда.

ZTE ЗЕРТХАНАСЫ

Қазіргі сәтте ZTE компаниясы менеджмент және сараптама бағыттары бойынша оқыту мен сертификаттауды бастап кетті. Бірлескен зертхана ультра жылдамдықты платформалар, көпжиілікті жүйелер, жасанды интеллект технологиялар, ультра кеңжол-лақты антенналар және басқа да озық әзірлемелермен қамтылған. Бұл құрал-жабдық жоғары өнімділікті, төмен кідірісті және деректерді берудің сенімділігін қамтамасыз ететін 4G және 5G желілерін құру үшін қолданылады.

Сонымен қатар орталық оқытушылар мен студенттердің тағылымдамадан өтуіне жолашады. Оқуын аяқтағаннан кейін түлектерге халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сертификат табысталады.

ZTE 5G технологияларын әзірлеу және коммерциялау бойынша әлемдегі көшбасшы болып табылады. Компания өнімдері мен қызметтері әлемнің 160-тан астам елінде ұсынылған. ZTE телекоммуникациялық жабдықты ұсынып қана қоймайды, сондай-ақ тұтынушылық электроника, соның ішінде смартфондар саласында бәсекеге қабілетті. ZTE телефондарының бірнеше модельдері жаһандық нарықта жоғары сұранысқа ие.

КРИОФИЗИКА ЖӘНЕ КРИОТЕХНОЛОГИЯ ЗЕРТХАНАСЫ

Мемлекет басшысы жыл сайынғы жолдауларында денсаулық сақтау саласын одан ары дамыту жөніндегі шаралар қабылдауды және барлық медицина мекемелерін заманауи құрал-жабдықтармен толық жарақтандыруды ұдайы еске салып отырады. Физика-техникалық факультетінің Криофизика және криотехнология зертханасының «Мобильді төмен температуралық термо-тұрақтандырығыш» құрылғысын жасау бастамасы осы тапсырмаларға негізделген. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму мақсаттарына, Жоғары білім мен ғылымды

дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Мобильді криобоксы биологиялық белсенді препараттарды қашыққа тасымалдауға және сақтауға арналған. Сондай-ақ вакциналар, тін үлгілері, дәрі-дәрмектер және басқа да биологиялық материалдардың сақталуын қамтамасыз етеді. Бұл денсаулық сақтау ұйымдары, төтенше жағдайлар министрліктері, экологиялық құрылымдар және Қазақстанның ғылыми-зерттеу институттары үшін ерекше маңызды. Өйткені биологиялық материалдарды салқындату және тасымалдау үшін құрғақ мұзды пайдалану жиі қолданылатын әдіс болғанымен, оның бірқатар кемшіліктері бар. Біріншіден, құрғақ мұздың құны жоғары. Екіншіден, құрғақ мұз әрдайым қажетті температуралық режимді қамтамасыз ете алмайды. Температуралық режимнің сақталмауы биологиялық материалдардың бұзылуына әкелуі мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін сұйық азот негізінде жұмыс істейтін мобильді криотермобокстарды пайдалану ұсынылады. Сұйық азот өте төмен температураларды (-196 °C) сақтай алады. Оның үстіне сұйық азотты өндіру кез келген ірі қалада қолжетімді.

Сонымен қатар мобильді криотермостабилизаторды әзірлеу криогендік технологиялар саласындағы заманауи тенденцияларға сай келеді. Медицина, биотехнологиялар және экология сияқты әртүрлі салаларда белсенді түрде енгізілуде. Бұл тек биологиялық материалдарды тасымалдау тиімділігін арттырумен шектелмей, сонымен қатар еліміздің ғылыми-техникалық әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Криогендік жабдық нарығына инновациялық шешімдерді енгізуге жаңа мүмкіндіктер ашадy. Артықшылығы – үнемілік, шетелдік қымбат бағамалардан бас тартуға мүмкіндік береді. Жабдық сыртқы энергия көздерін қажет етпейді. Құрылғыны қолдану үшін оператордың тұрақты қатысуы қажет емес.

Термотұрақтандырығыштың жұмысы сұйық азот буын қолданатын салқындату жүйесіне негізделген. Салқындату процесі сұйықтан газға өтетін

фазалық ауысу нәтижесінде жүреді. Жұмыс заты ретінде сұйық азот қолданылады, ол буланған кезде газ тәрізді азотқа айналады. 1 литр сұйық азот буланғанда шамамен 720 литр газ тәрізді азот пайда болады.

ҚазҰУ базасында бұдан бөлек, «Орталық Азияны зерттеу жөніндегі археозоологиялық орталық – ZooStan» алғашқы қазақ-француз ғылыми орталығы, BASF бірлескен зертханасы, Сот сараптама орталығы, Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу өндірісі, «Farabi» заманауи обсерваториясы, Ми институты сияқты ірі орталықтар жұмыс істейді. Сегіз ғылыми-зерттеу институты, 140 зертхана тіркелген. Оның отызға жуығы соңғы бір жыл ішінде ашылды. Бүгінгі таңда 372 ғылыми жоба орындалуда. Ғылымнан түскен табыс 2021 жылы 2782,1 млрд теңге болса, 2025 жылы 12 662,5 млрд теңгеге өсті.

Жас ғалымдардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау да маңызды рөл атқарады. Соңғы бір жылда 12 жас ғалым Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың атынан жаңа пәтерлердің кілтін алды.

Көшбасшы университет ғылыми қызметтің беделін арттырып, инновациялық инфрақұрылымды дамытуды, бизнеспен ынтымақтастықты кеңейтуді және жас кадрларды қолдауды жалғастыра береді. Алдағы уақытта қазақстандық жоғары оқу орындары арасындағы ең ірі технопарк, инновациялық хаб және жасанды интеллект орталығын салу жоспарланып отыр. Бұл бастамалар ғылыми-зерттеу оқу орнының әлеуетін айтарлықтай нығайтады. Озық ғылыми әзірлемелер мен инновацияларды коммерцияландыруға қолайлы жағдай жасайды. Университеттің академиялық беделін өсіріп, оның халықаралық рейтингтердегі позициясын нығайтады. Жетекші ғалымдар мен студенттер санын арттырып, өндірістік және мемлекеттік органдармен серіктестікті кеңейтеді.

Технопарк пен инновациялық орталық стартаптарды дамытуға және әлемдік еңбек нарығындағы түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Қазақстан үшін мұндай нысандарды құру ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, жоғары технологиялық салаларға инвестиция тартуға және инновациялық экономиканы қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жасанды интеллект орталығы цифрландыру және әртүрлі салаларды зияткерлік түрлендіру бойынша мемлекеттік бастамаларды қолдап, цифрлық технологияларды дамытуға үлес қосады. Ал бұл жобаларды жүзеге асыру ғылым, техника және экономика, сондай-ақ университет қызметін дамытуға жасалған стратегиялық қадам болары сөзсіз.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Басқарма Төрағасы – Ректоры

Фараби кітапханасында ҚР білім беру ісінің үздігі, Қазақ ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр академиясының академигі, «Алтын арқау» мәдени-этнографиялық қоғамдық бірлестігінің төрайымы, этнограф Ғалия Қайдауылқызымен тағылымға толы кездесу өтті.

Кимешек киюдiң өз мәні бар



Іс-шараны кітапхана директоры Жадыра Айдынғалиқызы кіріспе сөзбен ашып, ұлт мәдениетін, ұлттық құндылықтарды насихаттап жүрген шеберлер мен өнерпаздарды Ұлттық киім күнімен құттықтады. Модератор тізгінін Ақпараттық қызмет басқармасының басшысы Ақмарал Аманкелдіқызы қолға алды.

Фараби кітапханасының ҚазҰУ түлегі, журналист, этнограф, ғалым Ғалия Қайдауылқызымен бұл кешті өткізуінің үлкен мәні бар. Ғалия апай ұлттық баскиім – кимешекті зерттеуші. Осы тақырыпта «Киелі кимешек» атты монографиялық зерттеуін әзірлеген.

Кездесуде этнограф киелі баскиім – кимешектің ұлт тәрбиесіне, әйел болмысына тікелей байланысты екенін тілге тиек етті. Ең алғаш кимешектің тоғыз түрін тықсым құбылыс – түсінде көреді. Өзіне берілген аян деп қабылдап, бір күнде кимешек тігуді бастап кеткен. Тігіп қана қоймай, оны киюдiң өз талғамы бар, тағы бір көңіл бөлетін бөлшегі – оның оюы. Кимешектің киюге де, күтуге де ыңғайлы түрі тоқыма кимешек болғандықтан, осы түрін бір тәуліктің ішінде дайындаған. 25 түрлі кимешектің ерекшелігіне қарай «Аяла», «Томирис», «Зарина», «Ақто-ты», «Айшолпан», «Ақмарал» т.б. атаулар берген. Өз кезегінде «Сәукеле – қызға салтанат, кимешек – келінге аманат» қанатты сөзімен кимешектің қалқадірін ұқтырып тұр. Өйткені аманат – адамгершіліктің шыңы.

Ол қазақ әйелінің әдемілігін арттырып, ажарын ашатын киім ғана емес, әйел қауымының мәртебесін биіктетіп, дәрежесін көтеретін тәрбиелік мәні зор бұйым екенін атап айтты. Абай атамыз «Киім кию салты арқылы адамның мінез-құлқы, қоғамдағы орны, болмысы анықталады» деген. Қазақ әйелдерінің киім кию үрдісінде баскиімнің маңызы ерекше екені даусыз. Ғалия апайымыз: «Әйел адамның бағы – басында, басындағы кимешегінде. Кимешектің қадір-қасиеті – ұлттық болмысымыздың бір көрінісі еді. Соның жинақталған бейнесі болған. Өкінішке қарай, біз ашық киінуді еркіндік деп есептедік те, өзіміздің қолымыздағы алтынды бағаламай, өзгенің күмісіне айырбастап алдық. Тарихи-мәдени мәні зор кимешектің киілмей қалуы әйелдің теңдік алғаны емес, әйелдің теңсіздікке ұшырағанының белгісі деп ойлаймын», – дейді.

Ғалия Қайдауылқызы – «Киелі кимешек» еңбегінен бөлек, «Сөз дауа», «Жүректегі тәтті мұң», «1001 түйін», «Мыңнан бір түйін» кітаптарының авторы. Кездесуде ҚР еңбек сіңірген әртістері, кәсіби әншілер Айткүл мен Қанат Құдайбергеновтер кейіпкеріміздің сөзіне жазылған «Ақ кимешек» әнін орындады.

Алмагүл
МҰРАПҚЫЗЫ,
Фараби
кітапханасының
кітапханашы-
менеджері

Мәдени алмасуды дамытуға қадам

Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңі ретінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да профессор Сон Ю Джонгтың оқытушылық қызметін бастауын атап өту маңызды оқиға. Бұл бастама екі ел арасындағы білім беру және мәдени алмасуды дамытуға бағытталған үлкен қадам.



Осы бағытта өткен жылдың қазан айында ҚазҰУ мен Korea Foundation арасында 2025 жылдың 20 қаңтары мен 2026 жылдың 31 тамызы аралығында Korea Foundation қаржылық қолдауымен шақырылған профессорды шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс кафедрасына жіберу туралы келісімге қол қойылған болатын. Korea Foundation (Корея қоры) бұл үрдісті қолдап, көптеген жобаларға демеушілік жасап келеді.

Осы келісім аясында Ханкук шет тілдер университетінің профессоры Сон Ю Джонг Қиыр Шығыс кафедрасына келіп, студенттерге дәріс пен тәжірибелік сабақтар жүргізе бастады.

Профессор Сон Ю Джонг студенттерімізге білім беру жүйесіндегі жаңа көзқарастар мен әдіс-тәсілдерді үйрете отырып, корей университетінің білім жүйесімен таныстыруда. Шетелдік профессордан білім алу біздің білімгерлеріміз үшін өте тиімді. Өйткені шетелдік оқытушылардың

дәрістеріне офлайн режимде қатысып, олармен бірге қоян-қолтық жұмыс істеу білім алушылардың дүниетанымын кеңейтіп, түрлі тілдер мен мәдениеттерге деген қызығушылығын арттырады. Бұл өз кезегінде қазақстандық жастардың халықаралық деңгейде білімі мен мәдениетаралық коммуникация дағдыларын арттыруға ықпал етеді.

Профессор Сон Ю Джонг – корейтану саласындағы танымал ғалым, көптеген елдерде білім мен мәдениет алмасуына үлес қосқан тұлға. Оның Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да дәріс оқуы тек корейтану мен корей мәдениеті жайлы білім берумен шектелмей, сонымен қатар қазақ тілі мен мәдениетіне деген қызығушылықты оятуға бағытталған үлкен қадам. Оның пікірінше, қазақ тілі – әлемнің көптеген тілдеріне ұқсастықтар мен өзіндік ерекшеліктері, терең философиялық мәні бар тіл. Бұл тілдің корей және басқа да түркітілдес халықтармен

ортақ мәдениетаралық байланыстарды нығайтуда маңызды рөл атқаратынын айтады. Соның дәлелі ретінде ол қазақ тілін үйреніп, қазақ тілінде сөйлеп, өз ойын қазақ тілінде жеткізуге тырысады.

Сон Ю Джонг профессордың бұл сапары Қазақстанға бірінші мәрте емес. Ол елімізге 1999 жылы келіп, корей тілін оқытуды және қазақ тілін меңгеруді бастаған болатын. Сол кездері қазақ тілінде сөйлейтін ортаның аздығы қатты қынжылтқан, ал қазір қазақ тілінде сөйлейтін жастарды өте көп кездестіруге болады. Ол: «Тіпті қоғамдық жерлерде, көлікте, демалыс орындарында барлығы қазақ тілінде сөйлейтіні қатты қуантты», – деп өзінің пікірін білдірді.

Үмітай ӘМІРБЕКОВА,
Жанар ЖАХАНОВА,
Қиыр Шығыс кафедрасының
аға оқытушылары

Салауатты өмірді жоспарлау: әсері мен тиімді тәсілдері

Қазір көпшілік денсаулыққа ерекше назар аудара бастады. Халық саналы түрде дене шынықтырудың және дұрыс тамақтанудың маңызын түсініп, салауатты өмір салтын ұстануға ұмтылуда. Дегенмен денсаулықты күту жолында көп адам бастапқы кезеңде мотивациямен әрекет етіп, алайда уақыт өте келе оны жоғалтып, дағдыны жалғастырудан бастартады. Осыған орай, бұл мақалада салауатты өмір салтын қалай дұрыс жоспарлауға болатынын және оны мықты дағдыға айналдырудың тиімді жолдарын қарастырамыз.

1. ӨЗІҢІЗ ҚАЛАҒАН НӘТИЖЕНІ АНЫҚТАУ

Салауатты өмір салтын ұстану үшін алдымен қандай өзгерістерге қол жеткізгіңіз келетінін анықтау қажет. Өзіңізді болашақта қалай елестететініңізді ойлап, нақты мақсаттар қойыңыз. Мысалы, «мен үш айдан кейін өзімді энергияға толы, спорттық қалыпта сезінгім келеді» немесе «мен күн сайын 30 минут жаттығу жасау дағдысын қалыптастырамын» де-

ген тәрізді анық мақсат құру маңызды.

2. НАҚТЫ МЕРЗІМ БЕЛГІЛЕУ

Мақсатқа жету үшін оған белгілі бір уақыт беру қажет. Жай ғана «мен салауатты өмір салтын ұстанамын» деп емес, «мен алты ай ішінде дұрыс тамақтануды әдетке айналдырамын» деп нақты мерзімді анықтаңыз. Бұл тәсіл мотивацияны жоғалтқан кезде де әрекет етуді жалғастыруға көмек береді.

3. УАҚЫТТЫ ТИІМДІ ЖОСПАРЛАУ

Мақсатқа жетудің маңызды қадамдарының бірі – уақытты дұрыс ұйымдастыру. Оны айға, аптаға және күнге бөліп, кішігірім міндеттер қою қажет. Мысалы, 1-апта: күніне 10 минут жаттығу жасау, тәтті тағамдарды азайту. 2-апта: жаттығу уақытын 20 минутқа арттыру, көкөністерді көбірек тұтыну. 3-апта: күніне 1 келі салмаққа 30 миллилитр су ішу дағдысын қалыптастыру. Сонда егер салмағыңыз 50 келі болса, оны 30 мл-ге көбейтіп, өзіңіздің ішуге тиісті күнделікті су мөлшерін анықтай аласыз.

4. МОТИВАЦИЯ МЕН ТӘРТІП АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Мотивация – салауатты өмірге бастайтын қозғаушы күш. Алайда

ол ұзақ мерзімді нәтиже беретін сенімді құрал емес. Сондықтан мотивация азайған кезде тәртіпке сүйену керек. Тәртіп – тұрақты нәтижеге жетудің негізгі факторларының бірі. Оны қалыптастыру үшін күнделікті жоспар құрып, оны бұлжытпай орындау маңызды.

5. САЛАУАТТЫ ӨМІРДІҢ ӨМІРЛІК МАҢЫЗЫ

Салауатты өмір салты уақытша үрдіс емес, өміріміздің ажырамас бөлігі болуы керек. Өз денсаулығымызға қамқор болу арқылы болашақ ұрпаққа да дұрыс үлгі көрсете аламыз. Балаларымызға салауатты дағдыларды үйрету үшін алдымен өзімізден бастауымыз қажет.

Салауатты өмір салтын ұстану ұзақ мерзімді процесті талап етеді. Нақты мақсат қою, уақытты дұрыс жоспарлау, тәртіп пен мотивацияны қатар алып жүру – бұл әдетті берік қалыптастырудың басты қадамдары. Өмір сапасын жақсарту – әркімнің өз қолында. Ең бастысы – кішігірім қадамдармен бастау және тоқтап қалмау.

Толқын БОРАНБАЙ,
Денсаулық сақтаудағы
саясат және ұйымдастыру
кафедрасының
оқытушысы

Биыл 6 сәуірде көрнекті ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Элеонора Сүлейменова 80 жасқа толады. Оның есімі отандық тіл білімі, русистика және әлеуметтік лингвистикамен тығыз байланысты. Алайда профессор Э.Сүлейменова ерекше ғылыми мансабынан бөлек, өмірдің түрлі салаларында зерттеуші, педагог, ғылымды ұйымдастырушы ретінде, сондай-ақ отбасылық өмірде де қалыптасқан, көпке үлгі болатын жан.



туыстарын қамқорлық пен сүйіспеншілікке бөлейді.

Оның балалары мен немерелері білім, еңбекқорлық және адалдық әрқашан алғы шепте тұрған отбасында өскенін мақтан тұтады. Оларды кітапқа деген сүйіспеншілікке, ғылымды құрметтеуге және өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысқа баули білді. Профессордың отбасы – қуаты, шабыты, ғылымнан тыс ең үлкен жетістігі.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАНЫЛУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ДИПЛОМАТИЯ

Элеонора Дүйсенқызы шетелдік ғалымдармен белсенді ынтымақтаса отырып, әлемдік русистика мен тіл білімінің дамуына елеулі үлес қосты.

байланыстарды кеңейтуге ықпал етті.

Элеонора Дүйсенқызы сондай-ақ ТМД елдерінің тілдік саясаты бойынша пікір-таластарға белсенді қатысты. ТМД мемлекеттері тілі мен мәдениеті жөніндегі қоғамдық кеңестің мүшесі болды. Ресей, АҚШ, Еуропа және Азия елдерінде өткен халықаралық симпозиумдарда сөз сөйледі. Беделі мен ғылыми атағы оны әлеуметтік лингвистика және қостілділік теория саласында әлемдік деңгейде танымал сарапшы етті.

ҒЫЛЫМНЫҢ АР-ҰЖДАНЫ

Элеонора Дүйсенқызының қызметі тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де жоғары бағаланады. Оның ғылыми жетістіктері мемлекеттік наградалармен марапатталды. Ал әріптестері мен шәкірттері оны «ғылымның ар-ұжданы», жетістікке жету жолында дамыл таппайтын тұлға деп атайды.

Ғалымның омырауында II дәрежелі «Барыс» ордені, «Құрмет» ордені, Қазақстан халқы Ассамблеясының медалі, «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі және басқа да көптеген құрметті атақтар жарқырайды. Алайда қадірменді ұстазға ең маңызды марапат әріптестері мен студенттері арасында құрметке ие болу, көрсеткен еңбегіне айтқан алғысы болып қала береді.

Бүгінде оның ұзақ жылғы еңбегіне көз жүгіртсек, мынаны айтуға болады: Элеонора Дүйсенқызы – жай ғана ғалым емес, отандық тіл біліміндегі тұтас бір дәуірдің символы. Оның ғылымға қосқан үлесі, өз ісіне деген адалдығы, адами қасиеттері білімге, ақиқатқа, биік мақсатқа ұмтылғандардың бәріне үлгі болып қала береді.

Осындай тұлғалар тарихта өз ізін қалдырып, зерттеушілер мен педагогтардың жаңа буынын шығарып қояды. Профессор Э.Сүлейменованың мұрасы қазақстандық ғылым мен білім берудің даму жолын айқындай отырып, одан әрі өз жалғасын табатыны сөзсіз.

Құрметті Элеонора Дүйсенқызы, сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Әр күн қуаныш әкелсін, денсаулығыңыз мықты болып, жақындарыңыз жылулық пен махаббатқа бөлесін. Сіздің жолыңыз жарқын сәттерге, жылы кездесулерге және өзіңізге қымбат адамдардың күлкісіне толы болсын! Сіздің өміріңіз бәрімізге үлгі, еңбегіңіз, мейірімділігіңіз үшін алғыс айтамыз!

Мәлика АЙМАҒАМБЕТОВА,
Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы

Ғалым, педагог, тәлімгер

ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ: ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Элеонора Дүйсенқызы – Қазақстан лингвистикасындағы ең беделді тұлғалардың бірі. Оның ғылыми мектебі салғастырмалы семантика және прагматикадан теориялық лексикография мен әлеуметтік лингвистикаға дейінгі көптеген бағыттарды қамтиды. Оның еңбектеріне түрлі елдердің зерттеушілері сілтеме жасайды. Сондай-ақ шәкірттері ғалым шығармашылығындағы идеяларды дамытуды жалғастыруда.

Профессор Э.Сүлейменова еліміздегі алғашқы екі тілді лингвистикалық сөздікке айналған «Тіл білімі сөздігін» құрастырудың алдыңғы легінен орын алады. Оның жетекшілігімен білім беру жүйесінде белсенді қолданылатын екінші тілді оқыту әдістемесі жасалды. Профессордың зерттеулері тілдік сәйкестілік, қостілділік және социолингвистикалық бейімделу тұжырымдамаларының дамуына ықпал етті.

Ол 500-ден астам ғылыми еңбектің, соның ішінде жеті монографияның, 13 ұжымдық монографияның (соның ішінде Scopus базасына енген The Handbook of Business Discourse), сегіз сөздік пен анықтамалықтардың авторы. Элеонора Дүйсенқызының жұмысы тілдік үдерістерді, еліміздегі тілдік ахуалдың динамикасын және тілдік бірегейлікті зерттеу саласында үлкен маңызға ие болды.

2001 жылдан бастап «Қазақ тілі: психолингвистикалық және социолингвистикалық зерттеулер», кейін

«Социоллингвистика, аударма теориясы мен практикасы» деп өзгертілген зерттеу зертханасының жетекшісі. Профессордың ғылыми жетекшілігімен 13 халықаралық және 17 республикалық, оның ішінде Қазақстанның тіл саясатын зерттеу бойынша ғылыми жоба табысты жүзеге асырылды.

Элеонора Дүйсенқызы өзінің кәсіби қызметінің 60 жылға жуық уақытын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнады. Қара шаңырақ ҚазҰУ-дың 90 жылдық тарихын ескерсек, бұл едәуір уақыт екеніне көз жеткіземіз. Бір қызығы, ҚазҰУ-дағы жұмысы – оның еңбек кітапшасындағы жалғыз жазба, бұл профессордың университетке деген адалдығы мен шын берілгенін көрсетеді.

Ұстаздың ғылыми ізденістерінің арқасында Қазақстандағы тілаларлық қарым-қатынас, билингвизм және тілдік саясаты үдерістерін түсіну айтарлықтай тереңдей түсті. Оның жұмысы елдің білім беру жүйесінде шешуші рөл атқаратын орыс және қазақ тілдерін оқытудың заманауи тәсілдерін қалыптастыру үшін негіз болды. Профессор Э.Сүлейменованың кітаптары, мақалалары мен монографиялары оқу орындарында белсенді түрде қолданылып, филология саласының жоғары білікті мамандарын дайындауға өз үлесін қосуда.

ҰСТАЗ ЖӘНЕ ТӘЛІМГЕР

Ғылыми еңбектеріне қоса, Элеонора Дүйсенқызы – есімі үлкен әріппен жазылған педа-

гог. Оның дәрістері студенттерді шабыттандырса, қолдауы жас ғалымдарға ғылым әлемінде өз жолын табуға көмек берді. Осы онжылдықтарда профессор көптеген шәкірттерді тәрбиеледі. Олардың басым бөлігі академиялық салада айтарлықтай жетістікке жетті. Оның жетекшілігімен 19 докторлық, 40 кандидаттық диссертация, сондай-ақ 10 PhD докторлығы қорғалды. Олардың қатарында шетелдік азамат та бар.

Шәкірттері өз тәлімгері салған ғылыми бағыттарды дамытуды жалғастыра отырып, Қазақстанда да, шетелде де академиялық ортада жетекші орындарды иеленуде. Олардың көпшілігі филология мен лингвистиканың дамуына айтарлықтай үлес қосқан танымал ғалымдарға айналды.

Оның ұстаздық шеберлігінің сыры – жоғары ғылыми талаптарды адамгершілікпен, әр студентке деген ілтипатпен ұштастыра білуінде. Көптеген студенттер үшін ол жай оқытушы ғана емес, олардың мүмкіндігін ашуға және өмірлік жолын анықтауға көмектескен нағыз тәлімгер болды.

ОТБАСЫ – НЕГІЗГІ ТІРЕК

Профессор Э.Сүлейменова қыруар жұмысына қарамас-тан, отбасына уақыт таба білген адам. Ол ғылым мен жеке өмірі арасындағы тепе-теңдікті сақтап, әріптестеріне ғана емес, жақындарына да үлгі бола білді. Жұбайы, ана мен әже ретінде оларға өзінің даналығы мен өмірлік құндылықтарын бере отырып,

Докторант первого курса образовательной программы «Журналистика» факультета журналистики КазНУ имени Аль-Фараби Сергей Ахметов награжден специальным призом «За большой жанр» юбилейной премии литературного журнала «Сибирские огни» за роман «Крашевский».

Литпремия — докторанту КазНУ

вглубь Азии. Что будет в финале? Автор приготовил немало самых неожиданных переплетений из обстоятельств и событий.

Перед жюри премии всегда стоит сложная задача, потому что опубликованные произведения получили высокую оценку читателей, а многие авторы состоялись в литературе как писатели и поэты. Конкуренция в номинациях высокая.

Журнал «Сибирские огни» — старейший из ныне выходящих на территории СНГ, начал издаваться в 1922 году в Новосибирске вторым после учреждения в Москве журнала «Красная новь». Премия, учрежденная журналом по итогам публикации произведений в течение 2024 года на его страницах, вручается за

лучшие произведения по основным номинациям уже десять лет. Исследователи из нашего университета изучали его в своих книгах и диссертациях.

Сергей Ахметов активно занимается не только наукой, но и увлечен поиском истины в других сферах. В писательском багаже Сергея — произведения разных жанров, опубликованные в крупных журналах Казахстана и зарубежья за последние годы, создавая собственный литературный почерк. Ведь литература — творчество высокого порядка, которое продолжает соединять вчера, сегодня и завтра.

Александр РОЖКОВ,
кандидат филологических наук, преподаватель КазНУ

Время перемен требует новых знаний и свежих идей! С 17 по 28 февраля в Казахском национальном университете имени аль-Фараби проходила IV международная зимняя школа «Образование в целях устойчивого развития: инновационные модели». Это было не просто образовательное событие — уникальная площадка для глобального диалога, где встретились молодые умы, признанные эксперты и те, кто строит будущее уже сегодня.

Образование — путь к переменам



Событие объединило участников со всего мира: Казахстан, Германия, Великобритания, Китай, Турция, Азербайджан, Кыргызстан, Узбекистан, Россия и др. Здесь собрались преподаватели, студенты, журналисты и лидеры общественного мнения, чтобы вместе обсудить самые важные вопросы современности. Специальные гости и почетные спикеры — ведущие представители науки, образования и СМИ — задали высокий тон мероприятию.

Среди ключевых фигур церемонии открытия:

— Алтай Казмагамбетов, проректор по академическим вопросам КазНУ имени аль-Фараби;

— Властимил Самек, представитель Департамента глобальных коммуникаций ООН в Казахстане;

— Рафис Абазов, проректор по международным отношениям КазНАИУ;

— Еркебаева Асемгуль, пресс-секретарь общественной организации «Jerdin Dos-tary»;

— Нурлан Усманов, ответственный секретарь газеты «Халк сузи» (Узбекистан).

КЛЮЧ К УСТОЙЧИВОМУ БУДУЩЕМУ

Программа школы была насыщена лекциями, мастер-классами и дискуссиями. Главные темы — образование, экология, медиаграмотность и цифровые технологии. Ведь без этих знаний невозможно построить устойчивый мир! Эксперты ЮНЕСКО, ООН, ведущих университетов и исследовательских центров поделились передовыми идеями и практическими инструментами, которые помогут менять мир уже сегодня. Особый акцент был сделан

на экологических инициативах и устойчивом туризме. Ведь сохранение природы — это не только наша ответственность, но и возможность создать новый, позитивный имидж страны на мировой арене. Казахстану есть чем гордиться, и грамотное освещение этих вопросов в СМИ помогает продвигать идеи устойчивого развития.

ОБРАЗОВАНИЕ — ПУТЬ К ПЕРЕМЕНАМ

Зимняя школа проводится с 2022 года и уже стала культовой площадкой для обмена идеями. Здесь рождаются новые проекты, создаются международные партнерства и формируется видение будущего.

Первый день завершился экскурсией в Научный центр устойчивого развития и рационального природопользования. В течение десяти дней участники посещали лекции и работали над актуальными проблемами, разрабатывали новые решения и воплощали в жизнь идеи, которые могут изменить мир. В финале — долгожданные сертификаты о повышении квалификации на 72 часа и бесценный опыт, который невозможно измерить никакими баллами.

В последний день февраля Международная Зимняя Школа завершила свою работу, оставив после себя вдохновение, знания и уверенность в том, что образование — это сила, которая способна изменить будущее.

Турсынкул БАЗАРБАЕВА,
зав. кафедрой ЮНЕСКО по устойчивому развитию,
Айту ОШАКБАЙ,
преподаватель факультет географии и природопользования

В целях приобретения практического опыта работы на предприятиях, кафедра химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров КазНУ организовала посещение студентов 4 курса образовательной программы «Химическая технология органических веществ» на завод ТОО «Производственная компания «Дорпласт-инвест», находящегося в г. Конаев.

Производственная экскурсия на завод



вой океан, со временем превращаются в микропластик, которые накапливаются в тканях морских животных и вызывают серьезные заболевания эндокринной и пищеварительной систем у человека. Для того, чтобы пластиковые и полимерные отходы оказывали как можно меньшее негативное воздействие на окружающую среду, компания «Дорпласт Инвест» принимает использованные ПЭТ бутылки для их переработки.

Студенты ознакомились и увидели стадии процесса переработки ПЭТ и ПНД:

1. Сбор и сортировка. Собранные пластиковые отходы сортировались по типу материала, чтобы отделить ПЭТ и ПНД от других видов пластика.

2. Очистка. Очистение пластиковых изделий от загрязнений, таких как наклейки, остатки пищи и химикаты.

3. Дробление. Измельчение очищенных пластиковых изделий до состояния мелких гранул или хлопьев.

4. Плавление и формование. Плавление полученных гранул и превращение в сырьё

для производства новых изделий, таких как пластиковые бутылки, упаковочные материалы, трубы и прочее.

Кроме того, студенты посетили лабораторию, где проводится технический контроль. Они ознакомились с приборами, которые определяют качество получаемых изделий, как: разрывная машина, анализатор влажности, маятник Копера, прибор для определения показателя текучести расплава, прибор для определения омического сопротивления, прибор для определения плотности, твердомер по Шору А.

Такие производственные экскурсии на подобные предприятия помогают студентам уяснить, что естественные науки являются фундаментом современной техники, показывая неразрывную связь теории и практики в производственной деятельности людей.

Асель ТОКТАБАЕВА,
доцент кафедры химической технологии органических веществ, природных соединений и полимеров

Жас зерттеушілерге АРНАЛҒАН ҚОЛДАУ

Елімізде инновациялық ғылымды дамыту мақсатында көптеген бастамалар қолға алынуда. Солардың бірі – «Жас ғалым» жобасы. Бұл бағдарлама жас зерттеушілерге қаржылай және ұйымдастырушылық қолдау көрсетуге бағытталған. Жобаның басты мақсаты – жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға ықпал ету және оларды кәсіби тұрғыда шыңдау. 2022 жылдан басталған бұл гранттық қаржыландыру бойынша жоба аясында жас ғалымдарға мынадай көмек түрлері көрсетіледі:

- ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін гранттық қаржыландыру;
- зертханалық жабдықтар жаңартылып, қажетті химиялық реагенттер мен құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету;
- жас ғалымдардың халықаралық конференцияларға, семинарларға қатысу мүмкіндігі;
- кәсіби менторлық пен ғылыми жетекшілік жүйесі арқылы зерттеу сапасы артты;

• ғылыми мақалалар жариялауға және патенттер алуға қолдау көрсетілді.

Биыл «Жас ғалым» –2025-2027» жобасына барлығы 718 өтінім ұсынылды. Талаптың сәйкестігін тексеру нәтижелері бойынша 243 өтінім пысықтауды ескере отырып, талаптарға сәйкес келмейді деп танылды және өтініш берушілерге қайтарылатын болады. Шетелдік сарапшылардан тексеруден өткен соң, Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының жас ғалымдары төрт жоба жеңіп алды. Олар: «Энергия, озық материалдар және транспорт» бағыты бойынша Гүлмира Бейсенова (Мұнай-газ өнеркәсібінде болат конструкцияларын коррозиядан қорғауға арналған экологиялық таза ингибиторларды әзірлеу), Заир Ибраимов (Қара зире мен жүзім тұқымы майының бірлескен жоғары критикалық CO2 экстракциясы кезінде байқалатын синергетикалық әсерге байланысты тұ-

рақтылығын зерттеу) және Динара Абдурахытова (Токтың жоғары тығыздығы жағдайында сутегі бөліну реакциясындағы металл нанобөлшектерімен модификацияланған көміртекті электродының электрокаталитикалық әрекеті) және «Экология, қоршаған орта және табиғатты ұтымды пайдалану» бағыты бойынша Марат Бектасов (Қоршаған ортадағы биогендік және техногендік ластағыштарды сандық талдау әдістерін әзірлеу және олардың көздерін анықтау).

«Жас ғалым» жобасы – еліміздің ғылым саласын дамытуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Бұл бағдарлама жас зерттеушілердің өз әлеуетін толық іске асыруына мүмкіндік беріп, еліміздің ғылыми қауымдастығын жаңа жетістіктерге бастайды.

Елдана БАҚЫТЖАН,
АКХЖСЭТ
кафедрасының аға
оқытушысы

Аурудың алдын алу – ортақ міндет


Денсаулықты сақтаудың әрі нығайтудың ең тиімді тәсілі – аурудың алдын алу. Бұл тек қана жеке адамның денсаулыққа деген қарым-қатынасы емес, сонымен қатар мемлекет деңгейіндегі саясатты қажет ететін мәселе. Аурудың алдын алу шаралары халықтың өмір сапасын жақсартып, денсаулық сақтау жүйесінің шығындарын азайтады. Бірақ бұл шаралар жеке адамның жауапкершілігімен ғана шектелмеуі керек. Себебі мемлекет қоғам денсаулығын сақтауға және қолдауға белсенді түрде атсалысуы тиіс. Мысалы, ДДҰ мәлімдегендей, вакциналау арқылы жыл сайын 4-5 миллион адамның өмірін құтқаруға болады. Бұл тек вакцинацияға қатысты емес, дұрыс тамақтану, тұрақты дене белсенділігі, темекі шегуден және алкогольді өнімдерді тұтынудан бас тарту сынды факторларға да байла-

нысты. Бірақ бұл мәселе мемлекет тарапынан қолдау мен ақпараттық науқансыз толық жүзеге аспайды. Мысалы, вакцинация арқылы жыл сайын миллиондаған адамның өмірін сақтап қалу мүмкіндігі тікелей мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігіне байланысты болмақ. Сонымен қатар мемлекет скринингтік тексерулерді ұйымдастырып, оны қолжетімді ету арқылы кеселді ерте кезеңде анықтауға жағдай жасауы тиіс. Бұл қатерлі ісік сияқты қауіпті аурулардың алдын алып, олардың дамуын тоқтатады. Мысалы, маммография немесе колоноскопия секілді скрининг түрлері мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің белсенді қатысуын талап етеді.

Қорытындылай келе, аурудың алдын алу – жеке адамның да, мемлекеттің де ортақ міндеті. Жеке адам өз денсаулығына жауапты бол-

ғанымен, мемлекет денсаулық сақтау жүйесін дамытып, профилактикаға жағдай жасауы тиіс. Жеке және мемлекеттік жауапкершілікті үйлестіру арқылы ғана тиімді профилактикаға қол жеткізіп, қоғамның денсаулығын жақсартуға болады. Бастапқы профилактика шеңберінде салауатты өмір салтын қалыптастыру, қоршаған ортаны жақсарту, дұрыс тамақтану, физикалық белсенділікке шақыру және халықты ақпараттандыру сияқты шаралар жүзеге асырылады. Сондай-ақ вакцинация арқылы жұқпалы аурулардың алдын алу және психикалық денсаулықты қолдау халықтың жалпы денсаулығын жақсартуға көмек береді.

Думан БЕКЕНОВ,
медицина және
денсаулық сақтау
факультетінің 1-курс
студенті



Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғары бақытқа жету болса, ол бақыт дегеннің не екенін біліп, кейін оны өзінің мұраты етіп, соған ұмтылуы қажет.

Қос университет АРАСЫНДАҒЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық аясында құқықтану білім беру бағыты бойынша ғылыми қонақ-дәріс ұйымдастырылды. Бұл шара ҚазҰУ-дың Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының ұйытқы болуымен ҚазҰАЗУ-дың «Құқықтану» БББ 3-курс студенттеріне арналған болатын. Дәрісті з.ғ.д., профессор Г.Қуаналиева, з.ғ.к., доцент Б.Қалымбек жүргізді.



«Лайықты жұмыс және экономикалық өсу: еңбек құқықтары мен әлеуметтік саясаттың рөлі» тақырыбындағы дәрісте жұмыс нарығындағы өзекті мәселелер мен еңбек құқықтарының, әлеуметтік саясаттың және экономикалық өсу арасындағы өзара байланыс талқыланды. Сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету тұрғысынан еңбек заңнамасының маңыздылығын ашып көрсетті.

ҚазҰУ мен ҚазҰАЗУ арасындағы ынтымақтастық білім беру, ғылыми зерттеулер және кәсіби мамандарды даярлау саласында маңызды рөл атқарады. Екі университет арасындағы қарым-қатынас білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға, студенттерге халықаралық стандарттарға сай терең білім беру мүмкіндіктерін ұсынуға бағытталған.

Профессор Г.Қуаналиева дәріс барысында еңбек құқығы мен

әлеуметтік саясаттың әлемдік тәжірибеге негізделген аспектілерін талқылап, еңбек құқықтарын қорғау мен әлеуметтік саясаттың экономикалық даму мен халықтың әл-ауқатын арттырудағы маңызын атап өтті. Оның пайымынша, тиімді еңбек заңнамасы мен әлеуметтік саясаттың үйлесімді жүзеге асуы экономикалық өсуге, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне және әлеуметтік теңсіздікті азайтуға септігін тигізеді.

Қауымдастырылған профессор Б.Қалымбек еңбек құқығының жұмысшылардың әлеуметтік құқықтарын қорғаудағы орны мен рөліне тоқталып, бұл құқықтардың экономикалық дамуға әсерін ғылыми тұрғыда негіздеді. Ол еңбек құқықтарын қорғау мен әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыру жолдары туралы кең ауқымды ой-пікірлерін ортаға салды.

Эльвира ҚУАНДЫҚОВА,
PhD докторы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

Басқарма Төрағасы – Ректоры

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басыла, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.